

Қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюды растаудан бас тарту жөніндегі шешім нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2009 жылғы 7 тамыздағы N 336 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 12 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5746 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 284 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 23.06.2014 № 284 бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 44-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюды растаудан бас тарту жөніндегі шешім нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а. *Р. Дәленов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р д і ң м . а . 2 0 0 9
ж ы л ғ ы 7 т а м ы з д а ғ ы
N 336 бұйрығымен бекітілді

Қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюды растаудан бас тарту жөніндегі ШЕШІМ

2009 жылғы " " _____ N _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 44-бабына сәйкес

_____ (салық органының атауы)

_____ (салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы,

_____ СТН, ЖСН/БСН (бар болса)) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы 2009 жылғы "_____" _____ салықтық өтінішін қарап, мынадай негіз(дер) бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюды растаудан бас тартуды ШЕШТІ:

_____ салық есептілігін табыс ету бойынша салық міндеттемесін орындамау;

_____ заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы немесе дара кәсіпкер әрекетсіз дара кәсіпкер;

_____ әрекетсіз заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы;

_____ әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен;

_____ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216, 217-баптары бойынша өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;

_____ іздеу салынған адам болып табылған.

Салық қызметі органының басшысы (басшының орынбасары) _____ (аты-жөні, қолы, мөрі)

Шешімді алдым _____ (салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні, атауы, қолы, (мөрі), күні)

Шешім салық төлеушіге табыс етілді _____ (салық қызметі органының лауазымды

тұлғасының аты-жөні, қолы, күні)
Шешім салық төлеушіге жіберілді _____
(жіберу және (немесе) алу фактісін
растайтын құжат)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ